



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2021 жылғы 12 қарашадағы
№ 16-13-39 Д/С сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан-Қытай шекарасында пандемияға байланысты қалыптасқан жағдай бойынша қажетті шаралар қабылдауға қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Теміржол тасымалдарын ресімдеудің барлық кезеңдерінде қағаз құжат айналымын алып тастауға қатысты

Қазіргі уақытта Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) пен оған мүше мемлекеттердің Қытай Халық Республикасымен (бұдан әрі – ҚХР) арасындағы «Көлік дәліздері мен бағыттарын қалыптастыру, дамыту және цифрландыру» бағыты бойынша сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі жоспардың (бұдан әрі – Жоспар) жобасы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс шеңберінде тасымалдау және тауарға ілеспе құжаттар бөлігінде 2022 жылғы қаңтарға дейінгі халықаралық тасымалдарды ресімдеу кезінде заңдық маңызы бар электрондық құжат айналымына көшу жөніндегі іс-шаралар көзделген.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Қытай темір жолы арасында халықаралық жүк қатынасы туралы электрондық деректермен алмасу бойынша келісім жасалды және ағымдағы жылдың қараша айында ЦИМ жүкқұжатының техникалық ерекшелігімен және тауарға ілеспе құжаттармен (Инвойс, Қаптау парағы) толықтыру бөлігінде қосымша келісімнің жобасы жіберілді.

Алайда Қытай темір жолы тарапынан «Сенім білдірген үшінші тарап» жүйесі бойынша электрондық цифрлық қолтаңбаны (бұдан әрі – ЭЦҚ) пайдаланудың заңдылығы мәселесі шешілмеген.

Осыған байланысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ жауапты мемлекеттік органдармен бірлесіп теміржол тасымалдарын қағазсыз технология бойынша ресімдеуге көшуді жеделдету және Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелерді орындамау тәуекелдерін жою үшін осы мәселені шешуге жәрдемдесу туралы жұмыс жүргізуде.

Локомотивтік тарту мәселелерін шешуге және қозғалысы қарқынды учаскелерде, бірінші кезекте Алтынкөл-Жетіген және Достық-Мойынты жолдарының учаскелерінде екінші жолдардың құрылысына қатысты

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасында Достық – Мойынты учаскесінде ұзындығы 833 км болатын екінші жолдардың құрылысы көзделеді, іске асыру кезеңі 2021-2024 жылдар.

Аталған жоба Қазақстанның ҚХР – ЕО маршрутында теміржол транзиттік тасымалдарындағы басым рөлін сақтап қалады, бұл учаскенің өткізу қабілетін 5 есеге арттыруға және контейнерлік поездар жылдамдығының арттыруға мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылы меншікті қаражат есебінен Достық – 19-разъезд учаскесінде ұзындығы 25 км екінші жолдардың және 19-разъезд учаскесінде үш жолдың құрылысы басталды.

Алтынкөл – Жетіген учаскесінің және Алматы теміржол торабының жүктемесін азайту үшін ұзындығы 73 км Жетіген – Алматы айналма теміржол желісін салу жоспарлануда (бұдан әрі – Жоба).

Жобаны іске асыру Алматы торабының жүктемесін 30 %-ға азайтуға, сондай-ақ жүктерді жеткізу уақытын 24 сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді, жобаны 2022-2023 жылдары іске асыру көзделеді.

Сонымен қатар, бүгінгі күні локомотивтердің жүк паркін жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ағымдағы жылы шарттар бойынша 15 тепловозбен 12 электровоз алынды, 2022 жылы тағы 24 электровозбен 28 тепловоздың жеткізілуі күтілуде.

Көлік құралдарын өңдеу мен дезинфекциялауға байланысты көлік құралдарының өткізу қабілетін ұлғайтуға және жүріп өту уақытын қысқартуға қатысты

Қаржы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп Қытай тарапымен тауар айналымын ұлғайту және бұрыннан жабық өткізу пункттерін (Майқаташағай-Зимұнай және Қалжат-Дулаты) ашу мәселесі бойынша жұмыс жүргізуде. Қолданыстағы өткізу пункттері арқылы Қытай тарапы 100 бірліктен аспайтын көлікті қабылдайды (Нұр жолы – 40-50 АКҚ, Бақты – 30-40 АКҚ, Достық – 5-10 АКҚ).

Бұл ретте, пандемияға байланысты Қытай тарапы жөнелту еліндегі эпидемиологиялық жағдайға қарамастан, барлық шекара маңындағы елдерден көлік қабылдауды шектеуде.

Осыған байланысты ағымдағы жылғы 26 қарашасында Үкіметтер өкілдерінің қатысуымен бейнеконференц-байланыс форматында Қазақстан Республикасы – Қытай Халық Республикасы ынтымақтастық жөніндегі Комитетінің 10-шы отырысы өтті, онда қазақстандық тарапы барлық проблемалық мәселелерді, соның ішінде елдер арасындағы автомобиль және теміржол тасымалдары бойынша мәселелер көтерді.

Отырыс қорытындысы бойынша автомобиль және теміржол өткізу пунктеріндегі өткізу қабілетін біртіндеп арттыру, сондай-ақ ҚР – ҚХР арасындағы жылжымалы құраммен келісілген алмасуды қамтамасыз ету бойынша уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Қытай тарапы қазақстан – қытай шекарасындағы «Майқапшағай – Зимұнай» және «Қалжат» – «Дулаты» өткізу пунктiнiң қызметiн қалпына келтiру үшiн санитариялық – эпидемиологиялық бақылаудың қатаң шараларын сақтау қажеттiгiн атап өттi.

Сондай-ақ, тараптар жұмыс iстеп тұрған «Қорғас», «Алашанькоу» және «Бақты» өткізу пункттерiнiң өткізу қабілетін ұлғайтуға, сонымен бірге қалған өткізу пункттерінде аталған мәселені одан әрі пысықтай отырып, «Нұр Жолы – Қорғас» өткізу пунктiнiң тәулік бойы жұмыс iстеу режимiне ауысу мүмкіндігін қарастыруға уағдаласты.

Көліктік бақылау учаскесін цифрландыруға қатысты

Автомобиль көлігі саласында көліктік бақылау учаскесін цифрландыру мақсатында Министрлік Көліктік бақылаудың интеллектуалды жүйесін *(бұдан әрі - Жүйе)* құру және енгізу бойынша жұмыстар жүргізуде.

Жүйе жолаушы және жүк тасымалдайтын автокөлік құралдарының қашықтықтан жүріп өтуін жүзеге асыра отырып *(электрондық көлік және рұқсат құжаттарын тексеру, рұқсат етілген салмақ-габариттік параметрлердің сәйкестігі және т.б.)*, құқық бұзушыларға айыппұл төлеу туралы нұсқамаларды автоматты түрде қалыптастыра және жібере отырып, көліктік бақылауды жүзеге асыру кезінде адами факторды болдырмауға бағытталған.

Жүйені құру бойынша іс-шара 2023 жылы іске асыру мерзімімен «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасына енгізілген. Қазіргі уақытта Жүйені құруға инвестициялық ұсыныс пен техникалық тапсырманы әзірлеу мәселесі қарастырылуда.

Бұдан басқа екіжақты ынтымақтастық тетіктері шеңберінде жақын арада Қытай тарапымен ҚР – ҚХР ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комитетінің отырыстарын өткізу пысықталуда, оның шеңберінде жоғарыда көрсетілген проблемалар бойынша мәселелерді одан әрі пысықтау жоспарлануда.

Тұтастай алғанда осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

А. Мамин

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты
депутаттарының тізімі**

- 1. Н. ҚЫЛЫШБАЕВ**
- 2. О. ПЕРЕПЕЧИНА**
- 3. Н. БЕКЕНОВ**
- 4. Ғ. ДҮЙСЕМБАЕВ**
- 5. С. КАРПЛЮК**
- 6. Ж. НҰРҒАЛИЕВ**
- 7. Б. ОРЫНБЕКОВ**
- 8. Б. ШЕЛПЕКОВ**